

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 290 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 1251 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылғы астықты мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 290 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "479751 (төрт жүз жетпіс тоғыз мың жеті жүз елу бір) тоннаға дейінгі" деген сөздер "464196 (төрт жүз алпыс төрт мың бір жүз тоқсан алты) тоннаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзацта "2854702000 (екі миллиард сегіз жүз елу төрт миллион жеті жүз екі мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 214317 (екі жүз он төрт мың үш жүз он жеті) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік жұмсақ бидай астығы" деген сөздер "3113702000 (үш миллиард бір жүз он үш миллион жеті жүз екі мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 233762 (екі жүз отыз үш мың жеті жүз алпыс екі) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік жұмсақ бидай астығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі